

Сүлейменова Н. Н., Ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Маңғыстау облысы аумағында діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша діни ахуалын қысқаша талдау

Аннотация. Мақалада Маңғыстау облысының діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша діни ахуалы және аталған аумақта террористік және экстремистік сипаттағы жасалған қылмыстардың алдын алу бойынша ұсыныстар қарастырылған.

Түйін сөздер: Экстремистік қызмет, террористік акт, заң, идеология, деструктивтік ағымдар, қарым-қатынас.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама аясында еліміздің барлық аумақтарында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері бойынша бірнеше жұмыстар атқарылуда.

Маңғыстау облысы Қазақстанның оңтүстік батысында орналасқан. Бұрын Маңғышлақ облысы атауымен болған. Маңғыстау атауымен 1990 жылдардан бастап атала бастады. Облыстың орталығы — Ақтау қаласы. Аталған облыс өнеркәсіпті аумақ болып табылады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша халықтың 89,94 % қазақтар құрайды, қалғандары: орыстар — 6,36 %, эзербайджандар — 0,93 % және т. б. — 2,7 %. Жалпы халықтың саны 625 мың адамды құрады. Маңғыстау облысына кіретін аудандар: Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы, Түпқараған аудандары. Облыс солтүстік шығыс жағынан Ақтөбе, Атырау облыстарымен, ал оңтүстік жағынан — Түрікменстанмен және шығыс жағынан Өзбекстан елдерімен шекаралас болып келеді [1].

Маңғыстау облысы Дін істері басқармасының 2015 жылғы есептері бойынша облыстың діни ахуалы жайында сөз етсек. Қазіргі таңда аумақта 29 діни бірлестік тіркелген. Оның ішінде, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 19 филиалы (Ақтау қаласы — 2 мешіт, Жаңаөзен қаласы — 4 мешіт (Жаңаөзен қалалық мешіті, Төнге, Қылылсай, Рахат мешіті), Қарақия ауданы — 3 мешіт (Құрық, Жетібай, Сенек), Маңғыстау ауданы — 4 мешіт (Шетпе, Сайөтес, Жыңғылды, Үштаған), Мұнайлы ауданы — 3 мешіт (Қызыл төбе, Маңғыстау ст. Атамекен селосы), Түпқараған ауданы — 2 мешіт (Форт-Шевченко, Таушық), Бейнеу ауданы — 1 мешіт (Бейнеу селосы). Көрсетілген діни бірлестіктердің барлығы өз қызметтерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының шеңберінде жүргізілуде.

Маңғыстау облысында тіркеуден өткен 22 ғибадат орны қызмет көрсетуде, оның ішінде 19 мешіт, 1 православие шіркеуі, «Рақым сөзі» Інжілдік Мәсіхші Баптистер қауымы 1 шіркеуі және «Маңғыстау облысындағы Христиандық Жаңаапостол шіркеуінің» 1 мінәжат үйі әділет департаментіне тіркелген. 2015 жылы облысқа 6 миссионер тіркелген: ОПШ — С. М. Понич, Римдік католиктік — З. Лукашевич, Я. Калета, Л. З. Станислав, Н. М. Тереза, Т. Мариан.

Облыс тұрғындарының діни сауаттылығын арттыру, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында 8 ақпараттық-түсіндіру тобы құрылып, жұмыс жасауда. Барлығы — 82 адам мүше, құрамында Дін істері басқармасы мен Коммуналдық мемлекеттік мекемесі, құқық қорғау органдары қызметкерлері, Үкіметтік емес ұйымдары мен этно-мәдени бірлестіктер өкілдері, ардагерлер, қоғам қайраткерлері, республикаға танымал спортшылар, мешіт имамдары-теологтар бар.

Ақпараттық-насихаттық топтың негізгі міндеті — дәстүрлі діндердің құндылықтарын насихаттау мен халықтың діни сауатын арттыру, деструктивті ағымдардың таралуының

алдын алу мен халықты ол жайлы ақпараттандыру, дін саласына қатысты қабылданған бағдарламалар мен заңнамалар жайлы қарапайым халықты құлағдар ету болып табылады.

Дін істері басқармасына қарасты облыстық, қалалық және аудандық бірнеше насихаттық топтардың өкілдерінің қатысуымен аумақта діни жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар ұйымдастырылған.

2015 жылы аумақта діни тұрақтылық пен рухани келісімді күшейту мақсатында ақпараттық-насихаттық топтың мүшелерімен 583 іс-шаралар өткізіліп, оған 50043 адам қамтылған.

Облыстық ақпараттық-насихаттық топ мүшелері қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мекемелерінде (ГМ 172/1, ГМ 172/6, ГМ 172/8) жазасын өтеушілермен кездесулер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізген. Кездесулер барысында арнайы бекітілген имамдар дәстүрлі дінді насихаттап уағыздар айтып, Дін істері басқармасы, Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметшілері заңдарға түсініктемелер беріп, сұрақтарға жауап берген.

Сонымен қатар, республикалық ақпараттық-насихаттық топ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдері исламтанушылар, теологтар облыстың елді мекендеріне 8 рет барып, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, дәстүрлі дінімізді насихаттау жұмыстарын жүргізген.

Дін істері басқармасы жанынан «Дін мәселелері бойынша ақпараттық-талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған. Орталықтың 5 бөлімінде дінтанушылар, теологтар қызмет атқарады. Орталықтың бір бөлімі деструктивті дін ағымдарынан зардап шеккендерге құқықтық және психологиялық көмек көрсетеді. Қазіргі уақытқа дейін Орталыққа 56 азамат-азаматшалар хабарласқан екен. Радикалды діни ағым мүшелері мен олардың отбасыларына әлеуметтік-психологиялық көмек ретінде идеологиялық жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар оңалту жұмыстары мешіт жамағатының арнайы пәтерінде, қалалық жастар орталығының ғимаратында, Орталықтың жұмыс орнында жүргізіп, нәтижесінде 23 азамат-азаматшалар діни ағымдардың идеологиясынан бас тартып, дәстүрлі дінді ұстануда. Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша қызмет ететін республикалық «Қауырт желі — 114» сенім телефонының жұмысы жүргізілуде. Сенім телефоны арқылы Маңғыстау облысының Дін істері басқармасына 13 азамат-азаматша хабарласқан. Оларға теологтар, заңгерлер мен психологтар діни-құқықтық кеңестерін беріп отырады.

Шет ислам мемлекеттеріндегі діни оқу орындарында оқып жатқан студенттермен, олардың ата-анасымен, туыстарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Жастар арасында шетелдердегі діни оқу орындарына бару міндет еместігін және Қазақстандағы діни оқу орындарының (1 — университет, 9 — медресе) жеткілікті деңгейде жұмыс жасап жатқандығы туралы ақпараттар берілген. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 2015 жылы 6 студент облысқа оқудан қайтып келген. Облыстық БАҚ-да дін мәселелеріне қатысты бағдарламалар, мақалалар үнемі жарияланып тұрады. Ақпараттық-насихаттық топтың мүшелері облыстық «Қазақстан-Ақтау» телеарнасынан әр аптаның жұмасында көрсетілетін «Жұмадағы жүздесу» бағдарламасына қатысып, радикалды діни ағымдардың қоғамға қауіптілігі туралы, діни экстремизмге қарсы дәрістер, дәстүрлі ислам діні жөнінде насихаттар айтып отырады. «Жолбаян» радиостанциясынан «Дін таным» бағдарламасы аптаның әр жұмасында дәстүрлі дінімізді насихаттайтын сұхбаттары беріліп отырады. Облыстық «Маңғыстау» радиосынан «Иман кілті» бағдарламасы әр сәрсенбіде діни тақырыпта сұхбат жүргізіп, сұрақтарға жауап береді. Облыстық БАҚ-да (баспа өнімдеріндегі мақала, интернет-мақала, телебағдарлама, телеарнадағы жаңалықтар, радиобағдарлама, деректі фильм) діни тақырыптарда материалдар жариялануда.

Әлеуметтік желіде «ВКонтакте», «Facebook», «Twitter», «Youtube», «Kaztube», «Стоп секта» парақшалары ашылып, жұмыстар жалғасын табуда. Сонымен қатар, облыста дін мәселелесі бойынша өткізіліп жатқан іс-шаралар, дінге қатысты ұсыныс-пікірлер «udr.mangystau.kz» сайтында жарияланып тұрады. «ВКонтакте» әлеуметтік желісіне дінге қатысты сұрақтар келіп түседі, сұрақтарға теологтар қанағаттанарлық жауап береді.

Дәстүрлі дінімізді насихаттауда, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуда, халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып, Ислам құндылықтарын дәріптеу мақсатында Дін істері комитетімен жолданған 35 259 дана діни әдеби кітаптарды, кітапшалар мен парақшаларды білім беру ұйымдарына, облыс жастарына, мекемелерге, кәсіпорындарына таратылған.

Жүргізілген әлеуметтік зерттеудің қорытындысы бойынша, өңір тұрғындарының діни көзқарастары мен іс-әрекеттері айтарлықтай тұрақты болып табылған. Аймақ тұрғындарының басым көпшілігінің пікірі (сәйкесті түрде 76,7 % тамызда және 60,6 % қарашада) облыстың діни жағдайы қолайлы. Бұл өте жақсы пікір және аймақ тұрғындарының осындай көзқарастарын қолдау, әрі насихаттау керек. Жартыжылдық мониторинг нәтижелерінің барлығы өңірдегі қоғамдық-діни қатынастардың зайырлы сипаты мен облыс тұрғындарының азаматтық санасының жоғары деңгейін айқындайды [2]. Жүргізілген шаралар діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы кеңістікті толық қамтымайды. Сол себептен бұл бағытта қосымша келесілерді қарастыру қажет. Жергілікті билік пен өңірдегі үкіметтік емес ұйымдар тұрғындардың қоғамдық-діни саналарын тиісті деңгейде ұстап тұруға барлық күш-қуаттарын салулары қажет. Жұмыссыз, тұрмыстары төмен тұлғалар криминалдық жолдарға баратыны жалпыға мәлім. Олардың кейбіреулері өз бетінше білім алумен шұғылданады немесе дәстүрлі емес дін білімдерін уағыздайтын тұлғалардың ықпалдарына түсіп кетеді. Мысалы, Аталған қылмыс түрлерін жасаған сотталған тұлғалардың өмір салтын зерделеген кезде, қылмыс жасағанға дейін еш жерде жұмыс істемеген, материалдық қиыншылықтар көрген, көбісінің отбасысы, кішкентай балалары бар болғаны анықталды. Жағдайларын өзгертудің бірден-бір амалы қоғамдық саналарын өзгерту, халыққа күш көрсету арқылы ойлағандарына жету [3] болып табылады. Сондықтан халықты жұмыспен қамту керек.

Деструктивті діни ағымдардың криминологиялық жағдайы Маңғыстау облысының географиялық орналасуына байланысты. Маңғыстау облысы солтүстік шығыс жағынан Атырау, Ақтөбе облыстарымен, ал оңтүстігі жағынан Түрікменстанмен және шығыс жағынан Өзбекстанмен шекараласуда. Сол жақтардан дәстүрлі емес діндерді уағыздайтын тұлғалар Маңғыстау облысына немесе еліміздің басқа аймақтарында қоныстап азаматтарға құқыққа қайшы қызметке азғырып, жергілікті халықты адастырып, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде аумақтық дін мүшелері мен органдарға алдын алуға кедергі келтіреді. Қазақстан Республикасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша осы шекаралас облыстарда соңғы бес жылда экстремистік және террористік сипаттағы 170-тен астам қылмыс жасалған. Құқық қорғау және арнайы органдарының деректері бойынша кінәлі тұлғалар Маңғыстау облысының жеке тұрғындарымен тығыз қатынаста болып, аталған қылмыстарды жасасуға көмек көрсетілген.

Әсіресе көршілес республикалардан келген тұлғалар, оның ішінде Өзбекстаннан және Түрікменстаннан келгендер. Орталық Азия БҰҰ-ның Босқындардың істері бойынша Жоғары комиссары басқармасының мәліметтері бойынша [4] Өзбекстанның, Түрікменстанның көптеген азаматтары әлемнің әртүрлі аудандарынан, оның ішінде Қазақстаннан мекендейтін орындар іздейді. Өзбекстан, Түрікменстанда қудалауда жүрген деструктивті діни ағымдарының көптеген ұстанушылары Қазақстанның мемлекеттік шекарасына заңсыз түрде келіп, аумақта қуғыннан жасырынуды жалғастырады. Құқықтық тәртібі әлсіреген кішігірім ауылмекенді жерлерге қоныстап, ол жерде білімі шамалы, жағдайлары төмен ауыл тұрғындары әртүрлі ішкі, оның ішінде негативті ықпалдарға еліктейді. Сонымен қатар, Өзбекстан, Түрікменстан тыйым салынған діни ұйымдарға кіру үшін Қазақстан транзит болып табылады. Олардың көбісі құқық қорғау және арнайы органдарымен бұлтартпаланған.

Сонымен қатар, мемлекеттік орталық органдар Қазақстан аумақтары мен шекаралас облыстардың деңгейінде Өзбекстанмен, Түрікменстанмен терроризм актілерін және экстремизмнің басқа да зорлық-зомбылық көріністерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша ұқсас келісілген профилактикалық, жедел-тергеу іс-шаралары мен арнайы

операцияларды жүргізу үшін өзінің аумақтық органдарына өкілеттік ету мүмкіндігін қарастыру керек.

Кең көлемде қоғамдық институттарды, жеке азаматтарды тартумен Ішкі саясат басқармасы құқық қорғау органдарымен біріккен өзара байланысты іс-шараларды өткізу бойынша кешенді жоспарды әзірлеу қажет деп санаймыз.

Құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту қажет. Кейбір адамдар тұрмыстық жағдайын айтып барғандарға, діни экстремистік немесе керітартпа ағымдар өздерінің беделін көтеру үшін уақытша болса да, азын-аулақ қаражаттай немесе басқадай жәрдем береді. Сондықтан аз қамтамасыз етілген отбасыларға, нашар тұратын топтарға, ата-анасының қамқорлығынан қалған жетім балалар, қарттар үйлеріне мемлекет тарапынан әлеуметтік қамқорлық пен жәрдемдер берілуі тиіс.

Діни экстремизм құбылыстарына қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпараттық құралдарымен бірігіп жұмыс жасау керек. Діни экстремистік бағыттағы қылмыстардың алдын алуды жалпы қоғамдық деңгейде қарастырғанда адамдарды, әсіресе жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажет.

Интернетте радикалдық идеологияны және терроризмді насихаттауға қарсы әрекет ету аясында үкіметтік емес ұйымдардың санын көбейту керек.

Жедел топтарды құру керек. Оның құрамына прокурорлар, теологтар, психологтар, имамдар, дін басқармасының қызметкерлері кірулері тиіс. Мысалы, көшеде не болмаса мекемелерде дінге байланысты теріс пиғылды брошюралар, ақпараттық парақтар таратып жүрген адамды көрсе сол кезде дереу жоғарыда аталған мамандарға қоңырау шалып, шақыртып әркім өз бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстарын, алдын алу шараларын қолдану керек.

Облыстық мешіттерде имамдарды, молдаларды қайта даярлау курстарын ашуды қарастыру керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. // <http://citys.su/ru/region.php>
2. Маңғыстау облысының Дін істері басқармасының 2016 жылғы 11 ақпандағы № 01-20-81 шығыс хаты.
3. Маңғыстау облысының 2015 жылдың жарты тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы // <http://qamshy.kz/>.
4. Агентство ООН по делам беженцев Центральной Азии // <http://unhcr.kz/>

Резюме

В статье дается анализ криминологической ситуации по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Мангистауской области. Подробно рассмотрены предложения по предупреждению совершения преступлений террористического и экстремистского характера в данном регионе.

Resume

The article deals with the analysis of criminological situation to counter religious extremism and terrorism in the Mangistau region. Details considered proposals for the prevention of crimes of terrorism and extremist in the region.